

Бұланды ауданында 2011 жылда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № А-12/494 қаулысы. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 14 қаңтарда № 1-7-128 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 18 маусымдағы № 03-20/761 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімі аппаратының 18.06.2013 № 03-20/761 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің 7, 8 тармақтарына сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұланды ауданының ұйымдарында 2011 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Бұланды ауданы бойынша қоса берілген ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, жағдайлары, қатысушылардың еңбекақыларының мөлшері және қаржыландыру көзі бекітілсін.

3. Бұланды ауданы әкімдігінің «Бұланды ауданында 2010 жылда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2010 жылғы 19 қаңтардағы № а-01/10 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-7-106 тіркелген, 2010 жылғы 19 ақпандағы «Бұланды таңы», «Вести Бұланды жаршысы» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б.С.Ізбасароваға** жүктелсін.

5. Осы қаулы Бұланды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұланды ауданының әкімі

Е.Нұғыманов

**Бұланды ауданы бойынша 2011 жылда ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, шарттары,
қатысушылардың еңбек ақыларының мөлшері және қаржыландыру көзі.**

| № р/с | Ұйымдар атауы | Қоғамдық жұмыстар түрлері | Істелетін жұмыстар көлемі |
|----------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|
| 1 | «Айнакөл ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 12000 шарты метр |
| 2 | «Амангелді ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 13000 шарты метр |
| 3 | «Вознесенка селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 30000 шарты метр |
| 4 | «Даниловка селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 23000 шарты метр |
| 5 | «Журавлевка селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 30000 шарты метр |
| | | Жалғыз және қарт зейнеткерлер мен мүгедектерді күту | 2688 сағат |
| 6 | «Ерголка ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 20000 шарты метр |
| 7 | «Капитоновка селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 20000 шарты метр |
| 8 | «Карамышевка селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 23000 шарты метр |
| 9 | «Қараөзек ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 48000 шарты метр |
| | | Құжаттарды өңдеуге көмек корсету | 50 құжаттар |
| 10 | «Никольск селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 33000 шарты метр |
| 11 | «Новобратск селолық округі аппараты» мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазарту, көгалдандыру | 12000 шарты метр |
| 12 | «Макинск қаласы аппараты» мемлекеттік мекемесі | Ұйымдарда курьерлік жұмыстар, көпшілік мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге көмектесу, аумақты тазарту | 11000 шарты метр |
| 13 | Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы «Макинск-Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | Аумақты тазарту | 22000 шарты метр |

| | | | |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-------------------|
| 14 | Бұланды ауданы әкімдігі жанындағы «Макинск-Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны | Аумақты тазарту | 148000 шарты метр |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-------------------|

кестенің жалғасы

| Қоғамдық жұмыстардың шарттары | Қатысушылардың төлем мөлшері | еңбекақы | Қаржыландыру көзі |
|-------------------------------|------------------------------|----------|-------------------|
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |
| Еңбек шарты | Ең аз жалақыдан кем емес | | Жергілікті бюджет |